

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнім өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетін тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 22 қаңтар N 72

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы 3-тармағының 2) тармақшасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беріле отырып, таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен таратылған Комитеттің мүлкін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 38 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 3, 13-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдер өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1773 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, N 49-50, 578-құжат).

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 22 қаңтардағы

N 72 қаулысы мен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

3. (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. "ҚазАлкоОрталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 сәуірдегі N 396 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 13, 144-құжат):

2-тармақта "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын.